

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Жаратылыстану ғылымдары факультеті

**БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САБАҚТАС ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ
БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 4 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

22.12.2023 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы б.ғ.к., доцент м.а. Абдраимова Қ.Т., АК мүшесі, академиялық персонал, техн.ғ.к., доцент м.а. Ибрагимова ЭЖ.Қ., АК мүшесі, академиялық персонал, аға оқытушы Абишова Г.У., АК мүшесі, академиялық персонал, аға оқытушы Бабаева Г.А., АК мүшесі, академиялық персонал, жұмыс беруші Ниязов А.Қ. - “Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы” РММ директоры, АК мүшесі, білімгерлер өкілі Примжанова А.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- 1.Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру
- 2.Аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеуге қатысу
- 3.Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

АК төрайымы Абдраимова Қ.Т. сөз алып, қаралатын мәселелермен таныстырды: Күн тәртібінде көрсетіліген мәселелер бойынша қараша айында атқарылған жұмыстарды талқылайық. Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру, аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеу бойынша дайындық жұмыстары, ағымдық мерзімдегі атқарылған іс шаралар нәтижесін талқылау.

АК мүшесі, академиялық персонал – аға оқытушы Г.У.Абишова:

2023-2024 Оқу жылына ББ жаңартуға ББ пәндерінің жалпы саны өзгереді, Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны үш цикл пәндерінен тұрады – жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖБП), базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер. ЖБП циклі міндетті компонент (бұдан әрі – МК), жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК) пәндерін қамтиды. БП және бейіндеуші пәндер циклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды. Осыған орай, ғылыми бағыттағы ББ-на қатысты мәліметтерді нақтылау үшін кафедра деңгейінде семинар ұйымдастырылып, талқыланды дұрыс.

АК мүшесі, академиялық персонал – аға оқытушы Г.А.Бабаева: Құрметті АК мүшелері! Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін құжаттар дайындығын тексеру нәтижесінде көрінетін болады. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдауымыз керек. Енді оны талқыладық, алыңғы уақытта жасалатын жұмыстар көп және ауқымды талпыныстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

Шешім:

- 1.Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудиттің сараптамалық жұмыстары қанағаттанарлық деп табылсын
- 2.Аккредиттеудің өзіндік бағалау жұмыстары назарға алынсын
- 3.Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қанағаттанарлық деп саналсын

Мәжіліс төрағасы:

Қ.Т. Абдраимова

Хатшы

Г.О. Абишова